

Дыбысталуы жағынан өзгеше сөздер: адырылты – айырылды, анта – онда, аны – оны, анча – сонша, бен – мен, бод – бой, буң – мұң, екінті – екінші, еліг – елу, йағ – жау, йат – жат, күч – күш, олур – отыр, іл – ел, ығач – ағаш т.б. [4, 32].

Ескерткіштер тілінде де дыбысталуы бірдей, бірақ мағыналары әр басқа сөздер кездеседі. Омонимдер әр түрлі жолдармен жасалады, тарихи даму арқылы, мағынаның дамуы арқылы, дыбыстардың кездейсоқ үйлесуі, мағынаның алшақтауы арқылы т.б.

Қан – ел билеуші, адамның қаны. *Оғлы қанын білмес ерті* – Аудармасы: *Баласы әкесін білмес еді. Қызыл қаным төкті* – Аудармасы: *Қызыл қанымды төктім*.

Көне түркі тілінде дыбысталуы әртүрлі, бірақ мағыналары бір-біріне жақын синонимдер кездеседі. Мысалы: *Көп – үкүш. Аз будунығ үкүш қылтым* – Аудармасы: *Аз халықты көп қылдым. Сү сүлепен, төрт булуңдақы будунығ қоп алмыс, қоп баз қылмыс* – Аудармасы: *Әскер жүргізіп, төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт қылған*.

Ескерткіштерде мағынасы бір-біріне қарама-қарсы келетін антонимдер де кездеседі. Бірақ қарама-қарсы мағынада келетін сөздердің бәрі антоним бола бермейді. Антонимдердің төмендегідей түрлері ұшырасады.

Зат есімнен жасалған антонимдер: Бай – чығай, бай – жарлы. *Чығай будунығ бай қылтым* – Аудармасы: *Жарлы (кедей) халықты бай қылдым*.

Зерттеуші Ә.Құрышжанов пен М.Томанов орхон-енисей ескерткіштері тіліндегі қазіргі қазақ тілінен тұлғалық әрі мағыналық жағынан ұқсастығы айқын, ешқандай айырмашылығы жоқ сөздер деп 130 сөзді, ал қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда кейбір фонетикалық ерекшелігі бар сөздер деп 397 сөзді, тұлғалық та, мағыналық жағынан ұқсастық таппайтын сөздер деп 311 сөзді тізіп көрсетеді [5,45-57].

Көне түркі ескерткіштері қазақ әдеби тілінің бастау көзі болмаса да, шығу арналары, қайнар көзі деп айтуға болады.

Әрине, қазақ әдеби тілі мен көне түркі әдеби тілінің арасында айырмашылық мол. Көне түркі тілі қазақ әдеби тілінің қалыптасу басы бола алмайды, қалыптасу арналарының бірі, тарихи негіздері ғана бола алады. Айырмашылықтың болуы да заңды, айырмашылықтың көбі тілдің лексикалық құрамына байланысты. Бірақ соған қарамастан көне түркі тілінің грамматикалық құрылысын, фонетикалық жүйесін, лексикалық құрамын талдап қарасақ, қазақ әдеби тілінің негізгі нормаларының көбі көне түркі тілімен сай келеді. Бұл ол нормалардың өте ертеде қалыптасқандығын, кейін қазақ әдеби тілі қалыптасқанда, оған негіз болғандығын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Мектеп, 1989. – 192 б.
- 2 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
- 3 Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
- 4 Жуынтаева З.Н., Тұрсынова М.А. Көне түркі тілі. – Қарағанды: Санат, 2009. – 135 б.
- 5 Құрышжанов Ә., Томанов М. Орхон-Енисей ескерткішінің зерттелу тарихы мен грамматикалық очерктері. – Алматы. 1964. – 297 б.

Е.Е.Түйте

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫНАН

Кез келген қоғамның қарым-қатынас тілінің жетілген формасы ол – әдеби тіл. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеу мәселесі қазақ тілі білімінде кенже зерттелген саланың бірі болып саналады. Аталмыш саланың зерттелмеуінің өзіндік объективті түрлі себептері болды. Ең алғашқы зерттеу ретінде түрколог ғалым С.Маловтың «К истории казахского языка» атты мақаласын айтуға болады. Қазақ топырағында алғаш профессор Қ.Жұбанов Абайдың қайтыс болуына орай ақынның қазақ әдеби тілін дамытудағы орны мен рөлін ерекше атап, арнайы сөз қылды. Бұдан кейін қазақ әдебиеті тілін арнайы зерттеген ғалым, профессор С.Аманжолов еді. Оның «Қазақ әдеби тілі» атты кітабында әдеби тілдің қалыптасу мерзімі, жазба әдеби тілдің сөйлеу тілімен байланысы туралы мәселелер сөз

болды. Әдеби тілге арнап жазған мақалаларында Н.Сауранбаев: «XIX ғасырдың екінші жартысына дейін ауыз әдебиеті қазақтың халықтық тілінде шығып, сол тілде өркендеп, өмір сүріп келді. Жазба әдебиет дәстүрі шығып үрдіс алғанға дейін, қазақ өзінің өнерін, рухани табысын ауызша шығарып, ауызша жырлаған» - деп жазады. Қазақ әдеби тілінің пайда болуы жөнінде ғалым Ғ.Мұсабаев еңбектерінде қайшылықты тұжырымдар да кездесті. Ол қазақ әдеби тілінің пайда болуын бірде жазба әдеби тілдің пайда болуымен (XIX ғ. 2-жартысы) байланыстырса, енді бірде оның ұзақ тарихы бар деген ойларын білдіреді. Ә.Құрышжанов әдеби тілге: «Ол – жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түсіп, стильдік тармақтары сараланған, әлеуметтік қызметі әр алуан қатынас құралы; халық тілі байлықтарының негізінде қалыптасқан, жалпыхалықтық тілдің жоғары формасы» - деген анықтама береді. І.Кенесбаев пен А.Ысқақов өз мақалаларында әдеби тіл мен ауызекі тіл арасында шек қоймай қарастырып, сөйлеу тілі бірте-бірте сұрыпталып, қазіргі ұлттық әдеби тіл дәрежесіне жетті деп есептейді [1, 4]. Осындай қазақ тілінің дамуы жайында ғалымдар арасындағы түрлі көзқарас қалыптасты. Оның бірі қазақ әдеби тілі жазба әдебиеттің негізінде ғана қалыптасты дейтіндер (Н.Сауранбаев, М.Балақаев, Ә. Құрышжанов, Ғ.Мұсабаев), екіншісі төл әдеби тіліміз ауызша таралып келген халықтық дәстүрдегі бай ауыз әдебиеті үлгілері негізінде қалыптасты дейтіндер (С.Исаев, Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов, Ш.Мажитаева). Қалай болғанда да дұрысы – екінші көзқарас. Шындап келгенде, қазақ әдеби тілінің қалыптасуы XV ғасырдың орта шені, шамамен 1456-1465 жылдар аралығы. Себебі бұл жылдары Қазақ хандығы (мемлекеті) құрылып, тұңғыш рет тәуелсіз ел болуымыз, яғни «қазақ» этнонимінің пайда болуымен қазақ әдеби тілінің қалыптасуы тығыз байланысты. Ал көне және орта түркі мұралары осы қазақ әдеби тілінің қайнар көзі, бастамалары, шығу прнасы болып табылатыны сөзсіз. Осы арада айта кету керек, кейбір ғалымдар (Ғ.Мұсабаев, Б.Кенжебаев) қазақ әдеби тілінің пайда болуы көне түркі мұраларынан бастайды. XV ғасырға дейінгі көне түркі мұралары барлық түркі халықтарының ортақ рухани мұрасы болып табылатынын және бұл ғасырға дейін «қазақ» атауының болмағандығын естен шығармауымыз керек.

Дүние жүзіндегі әдеби тілдің қалыптасу тарихы, негізінен, үш түрлі жолға жинақталған. Олар:

1. Көп жағдайда белгілі халықтың, ұлттың әдеби тілі сол халықтың бір ғана аймағы сөйлейтін бір диалектінің негізінде қалыптасады. Мұндай жағдайда әдеби тілге негіз болған диалект өзге диалектілердің белгілі бір артықшылықтарымен ерекшеленеді. Мысалы, ол диалектіде сөйлейтін халық тобының экономикасы, кәсіби жағынан артықшылығы, озық мәдениетті болуы мүмкін. Яғни отырықшылыққа ерте көшіп, жазба әдебиеті қалыптасып, мәдени ошақтары ерте ашылуы мүмкін.

2. Белгілі бір тарихи себептермен кейбір халықтардың әдеби тілі өз тілі емес, өзге халықтардың тілі болуы мүмкін. Бұл жағдай сол халықтардың тәуелсіздігінен айрылып, өзге халықтарға тәуелді болуымен байланысты. Мұның мысалын өткен тарихтан да, қазіргі өмірден де көптеп кездестіруге болады. Мәселен, көп жылдар бойы Үнді елінің әдеби тілі ағылшын тілі болып келді, қазіргі Бразилияның әдеби тілі – португал тілі болса, ал Аргентина мен Кубаның тілі – испан тілі.

3. Кейбір халықтардың әдеби тілі белгілі бір диалектінің негізінде емес, жалпыхалықтық тілдің, негізінде қалыптасатын жағдайлары да болады. Ал жалпыхалықтық тіл ру, тайпа диалектілерінің негізінде әдеби тіл қалыптасудан көп бұрын бір тілге айналып, бұл процесте барлық диалектілер мен говорлар (сөйленістер) бірдей қатынасады, сөйтіп бәріне ортақ сөздік қор, грамматикалық құрылыс пен фонетикалық жүйе пайда болады [2, 179]. Қазақ тілі мамандарының көпшілігінің пікірінше, қазақ әдеби тілінің қалыптасуына осы үшінші жол тән деп есептеледі, қазақ әдеби тілі жалпыхалықтық тілдің, бай ауыз әдебиеті үлгілерінің (ертегі, батырлар жыры, дастандар, толғау, мақал-мәтел т.б.) негізінде пайда болды.

Әдеби тілдің қалыптасуы – тарихи жағдайларға байланысты тарихи құбылыс. Кейбір халықтардың жазу дәстүрлері тумаған немесе дамымаған дәуірлерінде ауызша тараған әдеби тілдері болды.

Әдеби тіл халық тілінің негізінде, оның ыңғайында қалыптасатындықтан да көпке түсінікті болып қалыптасқан нұсқаларын өз бойына жинап, нормаға айналдырып отырады. Әдеби тіліміздің негізгі арқауы бұрын да, қазір де халық тілі. Әдеби тілдің сөздік құрамының бауы қоғам өмірінде толассыз болып жатқан жаңалықтарға байланысты. Әдеби тіл лексикалық қоры жағынан да, грамматикалық құрылысы, дыбыстық жүйесі жағынан да жетіліп, кмелдене келіп ұлғайып байыды. Ол уақыт озған сайын мәдениетті де оралымды, икемді әдеби тілге айналды. Әр кезеңнің әдеби тілінің сапасы бірдей бола бермейді. Мәселен, ерте дәуірдегі қазақ әдеби тілі бүгінгі қазақ тіліндей болмады деп талап қоюға да болмайды.

Қазақ әдеби тілін дәуірлеу мәселесінде бірізді пікірлер жоқ. Мәселен осыған қатысты Н.Сауранбаев үш дәуірді көрсетеді. Мұны профессор М.Балақаев та қолдады. Олар:

- 1) XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі дәуір;
- 2) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 20-жылдарына дейінгі дәуір;
- 3) Кеңестік кезіндегі әдеби тіл.

Ал С.Исаевтың жіктеуі бойынша:

- 1) XV-XIV ғасырлардан бастап, XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі әдеби тіл;
- 2) XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Қазан төңкерісіне дейінгі әдеби тіл;
- 3) Кеңестік дәуірдегі әдеби тіл.

Академик Р.Сыздық қазақ әдеби тілінің шығуын бірнеше ғасырға кейін шегіндірді. Оның жіктеуі бойынша:

- 1) XV-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілі;
- 2) XVIII ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі әдеби тіл;
- 3) XIX ғасырдың екінші жартысынан Қазан төңкерісіне дейінгі әдеби тіл;
- 4) Кеңестік дәуірдегі қазақ әдеби тілі болды.

Бұдан кейін қазақтың әдеби тілін зерттеуде өзіндік орны бар ғалымның бірі – профессор Ш.Мажитаева. Ғалымның негізгі зерттеулері XX ғасырдың бірінші жартысына арналады. Өйткені «XX ғасырдың басы – қазақ әдеби тілінің функционалдық стильдері дараланып, саралана бастаған кезі. Бұл кезең тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларын қалыптастырып, жүйеге түсіріп бағытталған, жұмыстармен ерекшеленеді. Мәселен, бұл кезеңде публицистикалық, ғылыми-көпшілік, көркем әдебиет, ресми іс қағаздары стильдері қалыптасып, өзіндік ерекшеліктерге ие болды» [1,8]. Ол осы сала бойынша 1992 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандандырылған Кеңесінде профессор Б.Әбілқасымовтың ғылыми жетекшілігімен «XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ әдеби тілінің әлеуметтік және лингвистикалық сипаттамасы» атты кандидаттық диссертациясын, 2000 жылы профессор Б.Әбілқасымовтың жетекшілігімен жоғарыдағы аталмыш Диссертациялық Кеңесте «XX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тілі» деген тақырыпта докторлық диссертациясын қорғады. Ғалымның қазақ әдеби тілінің тарихына қатысты көптеген мақалалары, ғылыми монографиялары мен оқу құралдары бар. Оның қазақ әдеби тілі тарихына арналған «XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ әдеби тілінің мәселелері» (1997), «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» (1999), «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (2000) атты ғылыми монографиялары, «XX ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі» (2004, 2007), профессор Б.Әбілқасымовпен шығарған «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (2009) атты оқу құралдары қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуге қызығушылық танытқан ізденушілер мен жоғары оқу орындарының филология факультеті студенттері үшін құнды ғылыми еңбектер болып табылатыны сөзсіз. Ғалым зерттеулеріндегі негізгі мәселеле XX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тілінің хал-ахуалы, оның қандай негізде қалыптасқандығы, нормалануы мен жүйеленуі, стильдік тармақтарының саралануы т.б. болып табылады. Атап айтқанда, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ жазба әдеби тілін танытатын жазба нұсқалардың Ыбырай мен Абайдан басталып, оның XX ғасырда ұлттық сипат алу мәселесі, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, Ш.Құдайбердіұлы т.б. ақын-жазушыларымыздың әдеби тілімізді байытудағы орны мен рөлі, қазақ жазуын жетілдірудегі А.Байтұрсынұлының еңбегі, көркем әдебиет стилінің жетіліп, жанрлық жағынан дамуы, мерзімді баспасөз беттерінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері, ресми іс қағаздары стилінің кейбір көріністері мен ғылыми-көпшілік әдебиет тілі жайындағы ғалымның зерттеулері төл әдеби тіліміздің дамуына қосқан сүбелі үлесі деп айтуға әбден болады.

Профессор Б.Әбілқасымов пен Ш.Мажитаева шығарған «Қазақ әдеби тілінің тарихы» (2009) атты оқу құралында қазақ әдеби тілін келесідегідей етіп дәуірлеген:

- 1) XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдеби тілі;
- 2) XIX ғасырдағы қазақ әдеби тілі;
- 3) XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі. Мұны өз ішінен былай зерттейді:
 - XX ғасырдың 1920-30жылдарындағы қазақ әдеби тілі;
 - XX ғасырдың 1940-50 жылдарындағы қазақ әдеби тілі;
 - XX ғасырдың 1960-80 жылдарындағы қазақ әдеби тілі;
- 4) Қазіргі қазақ әдеби тілінің даму бағыттары [3].

Ғалымдар ұсынылған бірінші кезеңде ең алғашқы қазақ әдеби тілін танытатын нұсқалар, қазақ тілінің төл лексикасы, араб-парсы элементтері, орыс сөздері, архаизмдер, сөз тудырудың тәсілдері мен грамматикалық ерекшеліктері, эпистолярлық нұсқалардың тілі қарастырылады. Екінші кезеңде

қисса аталған әдебиеттің әдеби тілдегі орны, қоғамдық-публицистикалық стильдің пайда болуы, ғылыми-көпшілік әдебиет үлгілері, осы ғасырдағы іс-қағаздарының тілі және Ыбырай мен Абайдың әдеби тілді дамытудағы орны мен рөлі сөз болады. Үшінші кезеңде ХХ ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдайлардың қазақ әдеби тіліне тигізген әсері, Ыбырай, Абай дәстүрін дамытқан әдебиет, мерзімді баспасөз беттеріндегі грамматикалық ерекшеліктер, ғылыми-көпшілік әдебиет тілі, ресми іс қағаздарының тілі жайындағы ойлары айтылады. Төртінші кезеңде 1920-30 жылдардағы әдеби тілдің нормалануы, стильдерінің саралануы, қазақша ғылым тілін жетілдірудегі А.Байтұрсынұлының орны мен жазу жүйесін жетілдірудегі рөлі айтылады. Бесінші кезеңде тіл дамуының тежелуіне әсер еткен экстралингвистикалық факторлар, терминжасам мәселесі сөз болады. Алтыншы кезеңде қазақ тілінің дамуындағы ілгерлеушілік пен іркілістер, қазақ әдеби тілінің лексикалық байлығын толықтырудағы көркем әдебиеттің қосқан үлесі, баспасөз тілі дамуындағы негізгі факторлар, ғылым тілі мен стилінің дамуына кері әсер еткен кейбір жағдаяттар сөз болады. Жетінші кезеңде қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде жаңа сапаға көтерілуі, қазақ әдеби тілінің қолданысы, терминжасам мәселесі кеңінен ғылыми тұрғыдан зерттелінген.

Сонымен қорыта айтқанда, әдеби тіл деп тарих сүзгісінен өткен, халық қабылдаған, нормаланған, жүйеленген, қоғам мүшелерінің басын біріктірушілік қызметі бар, стильдік тармақтары сараланған тілді айтамыз. Әдеби тіл элементіне ғалымдар тарапынан ұсынылға, я болмаса жалпыхалықтық сипат ала алмаған кез келген сөз жата бермейді. Мәселен, оңтүстік диалектісіндегі «сым» сөзін бір кездері әдеби нормаға енгізейік, яғни қыздың шалбарын «сым» деп атайық деген ұсыныстар да қабылданған болатын. Алайда ол сөз жалпыхалықтық қолданыс таба алмай, жергілікті тіл ерекшелігі шеңберінде қалып қойды. Сондықтан әдеби тілге тән басты қасиет, ауызша болсын, мейлі жазбаша болсын, оның жалпыхалықтық сипат алуында жатыр. Бүгінгі таңда қазақ әдеби тілінің қолданылу аясы өте кең және сөздік қорымыз күннен-күнге толығырақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мажитаева Ш. ХХ ғасыр басындағы қазақ әдеби тілі. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2007. – 234 б.
2. Қазақ әдеби тілінің тарихы. /Дәрістер курсы/. –Қарағанды: Санат, 2006. – 50 б. Құрастырғандар: Мажитаева Ш., Рапишева Ж.Д.
3. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 304 б.
4. Әбілқасымов Б., Мажитаева Ш. Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XX ғ.ғ.). – Қарағанды, 2009. – 242 б.